Павлодар қалалық мәслихатының
2026 жылғы 31 тамыздағы
№ 344/46 шешіміне
қосымша

Павлодар қаласының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспары

Мазмұны

1.	Паспорт	3-5
2.	Аумақты дамыту көрінісі және перспективалары	6
3.	Ағымдағы ахуалды талдау: негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы бәсекелі басымдықтар мен мүмкіндіктер	6-11
4.	Негізгі бағыттары, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері, нәтижелер көрсеткіштері және ресурстары	12-19
	1-бағыт. Экономиканың берік іргетасы	12
	2-бағыт. Жаңа өсу нүктелері	12-13
	3-бағыт. Жоғары өмір сүру сапасы	13-18
	4-бағыт. Экономика мен қоғамның өтпелі түрленуі	18-19
	5-бағыт. Жоспарлаудың өзге де құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік қызметтер ұсыну	19

1. Паспорт

Өңірдің атауы	Павлодар қаласын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған бағдарламасы
Өңірдің негізгі сипаттамалары	Павлодар қаласы 1861 жылы құрылды. Қала республиканың солтүстік-шығыс бөлігінде, Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан. Қала аумағы 0,6 мың шаршы шақырымды құрайды. Қала халқы - 370,4 мың адам, қала халқының саны – 93,4%-ды, ауыл халқының саны - 6,6%-ды құрайды. Павлодар қаласы Павлодар облысының облыс орталығы болып табылады. Қаланың әкімшілік-аумақтық құрылымына 1 кент, 1 ауылдық округ, 5 ауыл кіреді. Қала аумағында табиғи ресурстарды пайдалануға және өнеркәсіптің базалық салаларын дамытуға бағдарланған көп салалы өнеркәсіп кешені қалыптасты.
Бағыттары, негізгі түйінді ұлттық индикаторлар, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері, нәтижелер көрсеткіштері	**1-бағыт:** Экономиканың берік іргетасы **3 НҰИ** Еңбек өнімділігінің жинақталған өсу индексі, 2022=100 (облыс бойынша) **2-бағыт:** Жаңа өсу нүктелері **26 НҰИ** Орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген ішкі туристер саны (облыс бойынша) **27 НҰИ** Орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келуші туристер саны (облыс бойынша) **3-бағыт:** Жоғары өмір сүру сапасы **11 НҰИ** Кедейліктің ең төменгі шамасынан/шегінен төмен табыстары бар халықтың үлесі (облыс бойынша) **Мақсаты.** Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және атаулы әлеуметтік қолдауды күшейту **Нысаналы индикатор:** Жұмыссыздық деңгейі (республика бойынша) **1-міндет.** 20,3 мыңнан астам азаматты жұмысқа орналастыру, оның ішінде жастар – 8,4 мың адам **Нәтиже көрсеткіші** 1.1 Жұмысқа орналастырылған азаматтардың, оның ішінде жастардың саны **12 НҰИ** Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі, қала (республика бойынша)

	13 НҰИ Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі, ауыл (республика бойынша) **Мақсаты.** Павлодар облысы елді мекендерінің түріне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық саны) байланысты халыққа объектілер мен қызметтер (игіліктер) қолжетімділігінің ең төменгі міндетті деңгейін қамтамасыз ету **НИ** Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі (облыс бойынша) **НИ** Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі (қала бойынша) **Міндеті:** Ауыл және қала тұрғындары үшін жайлы орта құру **Спорт** **4.1 нәтиже көрсеткіші** Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтар санын жалпы халықтың 50%-на дейін жеткізу **Жол инфрақұрылымы** **5.1 нәтиже көрсеткіші** Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін ұлғайту, шақырым (облыс бойынша) **Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету** **6.1 нәтиже көрсеткіші** Халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету. **6.2 нәтиже көрсеткіші** Электр желілерінің тозуын төмендету, % (облыс бойынша) **6.3 нәтиже көрсеткіші** Пайдалануға енгізілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы **6.4 нәтиже көрсеткіші** Жылумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамыту және тозуын азайту (облыс бойынша) **7.2 нәтиже көрсеткіші** ТЖ инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу (облыс бойынша) **Басқалар** **Міндет. Ауыл және қала тұрғындары үшін қолайлы орта құру** **14 НҰИ** ТМС реттейтін жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу деңгейі, % (республика бойынша) **15 НҰИ** Халықтың экологиялық өмір сүру сапасымен қанағаттану деңгейі (облыс бойынша)

	Мақсаты: Орман ресурстарын, жануарлар дүниесінің ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және молайту **Нысаналы индикатор** Халықты қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызметтермен қамтамасыз ету (облыс бойынша) **4-бағыт:** Экономика мен қоғамның өтпелі түрленуі **Нысаналы индикатор** Негізгі капиталға салынатын инвестициялар **Нысаналы индикатор** Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі (облыс бойынша) **38 НҰИ** 0-ден 1-ге дейінгі шкала бойынша World Justice Project-тен құқық үстемдігі индексінің мәні **Мақсаты:** Құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету **Нысаналы индикатор** Өз қауіпсіздігін қабылдау (өз ауданындағы көшеде жалғыз жүргенде өзін толық қауіпсіз сезінетін адамдардың үлесі) **5-бағыт:** Жоспарлаудың өзге де құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік қызметтер ұсыну **3-мақсат:** Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру **Нысаналы индикатор** Халықты ағынды суларды тазартумен қамту (облыс бойынша) **Нысаналы индикатор** Бір тұрушыға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етушілік (облыс бойынша) **4-мақсат:** Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың мемлекеттік саясатты іске асыруы **Нысаналы индикатор** Трамвай вагондарының тозу деңгейін азайту (облыс бойынша)
Қажетті ресурстар	**Қаржыландыру көздері:** республикалық, облыстық, басқа көздер, жергілікті бюджеттер, ішкі қарыздар және жеке инвестициялар **Қаржыландыру көлемдері**: Алдын ала есептеулер бойынша Қаланы дамыту жоспарын іске асыруға **560,5 млрд. теңге** бағыттау жоспарлануда, оның ішінде жылдар бойынша: 2026 жыл – 225,0 млрд. теңге; 2027 жыл – 166,3 * млрд. теңге; 2028 жыл – 138,9 * млрд. теңге; 2029 жыл - 21,8 * млрд. теңге; 2030 жыл – 8,5 * млрд. теңге. *Қаржыландыру көздері бойынша шығыстардың сомалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті*

	қаржы жылына республикалық және жергілікті бюджеттерді бекітуді және нақтылауды ескере отырып, түзетілетін болады. *сомалар түзетілетін болады

2. Аумақты дамыту көрінісі және перспективалары

Өңір экономикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық өсуі қаланың бәсекелі басымдықтарын іске асыруға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

2030 жылға қарай қала өнеркәсібі импортты алмастыратын жаңа жобаларды іске асыру есебінен әртараптандырылатын болады. 2029 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемінің орташа жылдық өсуі 102,3% деңгейінде болжануда.

Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігі өндірісті жаңғырту және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету есебінен арттырылады. Өндірістің және өңдеудің экожүйесі шеңберінде 2026-2030 жылдары ұн, сүт, жұмыртқа өндірісін ұлғайту үшін.

Өңірде 2029 жылы 4,9%-ға өсумен құрылысты дамыту жалғасады.

Халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейін арттыру қоқыс өңдеу зауытын салу, еуро контейнерлер орнату, электр сүзгілерін ауыстыру және өнеркәсіптік кәсіпорындардың күл ұстайтын қондырғыларын жөндеу есебінен жоспарлануда.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға қолжетімділіктің өсуі кәсіпкерлер санын және сәйкесінше ШОК субъектілерінің өнімдер мен қызметтер шығаруын 1206,8 млрд. теңгеден (2024 жылы) 1810,2 млрд. теңгеге дейін (2030 жылға қарай) немесе 50%-ға ұлғайтады. Жаңғырту және сауданың заманауи түрлеріне көшу, креативті экономика саласы үшін қолайлы жағдайлар жасалатын болады.

2025-2030 жылдар ішінде қала бойынша өндірістерді іске қосу және кеңейту, жобаларды іске асыру, шағын және орта бизнесті дамыту есебінен 15 мыңнан астам жұмыс орны құрылатын болады.

Жұмыссыздық деңгейі 5,0%-дан аспайды. Лайықты еңбекті ілгерілету және халықты әлеуметтік қорғау бойынша шараларды іске асыру қамтамасыз етіледі.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

Павлодар қаласы Павлодар облысының облыс орталығы болып табылады.

Қалада облыстың өнеркәсіптік өндірісінің шамамен 40%-ы шоғырланған, бұл қаланы облыстың әкімшілік орталығы ғана емес, өнеркәсіптік орталығы ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Қала алюминий, жербалшық өндірісінің 100% республикалық көлемін қамтамасыз етеді.

Қала өнеркәсібі 400-ге жуық кәсіпорын мен өндірістен тұрады. Оның ішінде «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «Қазэнергокәбіл» АҚ, «Каустик» АҚ, «KSP Steel» ЖШС және «Кастинг» ЖШС жүйе құраушы кәсіпорындар

болып табылады, олар өнеркәсіп өндірісінің барлық көлемінің 70%-дан астамын қамтамасыз етеді.

Қала экономикасының негізін өнеркәсіп құрайды, онда халықтың 28,5%-ы жұмыс істейді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша өңірдің өнеркәсіптік өндірісі көлеміндегі қаланың үлесі 38,7%-ды құрады *(2022 жылы - 39,3%).*

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі бойынша 2022 жылы 1 269,6 млрд. теңгеден 2024 жылы 1 330,8 *(1206,4)* млрд. теңгеге дейін өсу байқалуда. Сондай-ақ, қарқындардың 2022 жылы 100,7%-дан 2024 жылы 101,4%-ға дейін өсуі байқалуда.

Өнеркәсіп құрылымында ең көп үлес салмағын өңдеуші сектор - 90,5% алады *(2022 жылы – 93,7%; 2023 жылы – 92,5%).*

Өңдеу өнеркәсібінің жетекші салалары: металлургия өндірісі *(54,7%)*, мұнай өңдеу өнімдерін өндіру *(14%)*, тамақ өнімдерін өндіру *(8,8%)* және машина жасау *(8,7%).*

2022-2024 жылдар ішінде НКИ оң серпіні өңдеу өнеркәсібінде сақталуда *(2022 жылы НКИ - 101,5%, 2023 жылы - 100,4%, 2024 жылы - 103,4%).*

Қалаға негізгі капиталға салынатын инвестициялардың облыстық көлемінің 36,5%-ы тиесілі. 2022-2024 жылдар ішіндегі кезеңде экономикаға 874 млрд. теңге инвестиция тартылды. Қаржыландыру көздерінің құрылымында кәсіпорындардың меншік қаражаты басым, 2024 жылы меншік қаражаттың үлесі 85,4%-ды құрады.

Салалық құрылымда өңдеу өнеркәсібіне – инвестициялардың 38,3%, электр энергетикасына – 5,6%, сумен жабдықтауға – 3,7% тиесілі.

2022-2024 жылдары өңірде бірқатар инвестициялық жобалар іске асырылды: «HAGI-Павлодар» ЖШС кірпіш өндіру зауыты *(жалпы құны 2,0 млрд. теңге);* «KazCenosphere's» ЖШС көмір электр станцияларының қалдықтарынан микросфера алу бойынша зауыт салу *(2,3 млрд. теңге);* «Ертіс үй құрылысы комбинаты» ЖШС ТМБ өндірісі *(1,5 млрд. теңге);* «Нефтехим LTD» ЖШС эпоксидті компаунд өндірісі *(1,5 млрд. теңге);* «ҚазМұнайХим» ЖШС қоспалар және аз тонналы химия өндірісі бойынша зауыт салу *(1,0 млрд. теңге);* «Стекломир» ЖШС өндірісті жаңғырту *(3,0 млрд. теңге);* «КазПромБезопасность-ПВ» ЖШС жылу алмасу аппараттарын өндіру *(0,2 млрд. теңге);* «Вектор Павлодар» ЖШС алюминий дискілерін бояу цехы *(5 млрд. теңге);* «Северхим» ЖШС мазутты қайта өңдеу *(1,2 млрд. теңге);* «СНН» ЖШС алюминий және биметалл радиаторларын өндіру *(3 млрд. теңге);* «Компания TROYA» ЖШС толық циклді кеңсе және мектеп жиһазын өндіру *(2,5 млрд. теңге);* «Тандем recyling» ЖШС қорғасын-мырышталған аккумуляторларды қайта өңдеу *(0,6 млрд. теңге);* «Буренка» ЖШС сүт өңдеу зауытын салу *(0,3 млрд. теңге);* «KAZBM-KAZAKHSTAN BULDING MIXTURES» ЖШС гиперсығымдалған кірпіш өндірісі *(0,4 млрд.теңге);* «Brass of Qazaqstan PVL» ЖШС басқа түсті металдар өндірісі *(1,0 млрд.теңге).*

Инвестициялар тарту мақсатында қалада жалпы сомасы 676,5 млрд. теңгеден астам 37 жобадан тұратын пул қалыптастырылды. Жобалардың негізгі пулы металлургияны және өнеркәсіпті дамытуға бағдарланған.

Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға 150 мыңнан астам АЕК инвестициялық жобаларды қосу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бүгінгі күні Павлодар қаласы бойынша Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға жалпы құны 655,1 млрд. теңгеден астам, 3 103 астам жаңа жұмыс орнын құрумен 22 жоба қосылды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 23 млрд. теңгені құрады, бұл 2022 жылғы деңгейден 12,7%-ға жоғары. 2024 жыл ішінде ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің НКИ 105,1%-ды құрады.

Облыстағы қаланың ауыл шаруашылық үлесі 5,1%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімінің негізгі түрлері: ет, сүт, жұмыртқа, картоп және көкөністер болып табылады.

2022-2024 жылдар ішінде: 104,5 тонна алма, 18,3 мың тонна шұжық өнімдері, 4,2 мың тонна ірімшік пен сүзбе, 12,9 тонна құс еті өндірілді.

2022-2024 жылдар ішінде ауыл шаруашылығына 10,5 мың есе өсумен 55,4 млрд. теңге инвестиция тартылды.

Азық-түлік өнімдерін өндіруге күрделі салымдар көлемі 12,5%-ға *(2,4-тен 2,1 млрд. теңгеге дейін)* төмендеуде.

2025 жылғы 1 қаңтарға 37,1 мың ШОБ субъектісі тіркелген, оның ішінен 88,1%-ы немесе 32,7 мыңы жұмыс істеп тұр. 3 жыл ішінде ШОБ белсенді субъектілерінің саны 9,2%-ға өсті. Осы секторда 2025 жылғы 1 қаңтарға 91,5 мың адам немесе экономикалық белсенді халық санының 46,7%-ы жұмыспен қамтылған.

Үш жыл ішінде шағын және орта бизнес 3,1 трлн. теңгеге өнім *(қызмет)* өндірді. Оның ішінде 2024 жылы 38,7% немесе 1 206,8 млрд. теңге шығарылды.

Қабылданып жатқан мемлекеттік қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары кәсіпкерлікті дамыту үшін жақсы серпін болып табылады. Үш жыл ішінде 843 жоба субсидияланды, 558 кредит бойынша ішінара кепілдік берілді, 15 грант берілді.

Емдік-рекреациялық туризмнің перспективалы бағыты «Мойылды» шипажайы болып табылады. Көптеген тарихи, археологиялық, мәдени ескерткіштер танымдық туризм үшін жағдай жасауда.

Тұрғындарды сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету, жайлы өмір сүру ортасын, оның ішінде абаттандырылған инфрақұрылымды құру бойынша мақсатты жұмыс жүргізілуде.

2022-2024 жылдар ішінде барлық көздер есебінен шамамен 917,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға енгізілді.

Бір тұрғынға тұрғын үймен қамтамасыз етілу 2022 жылға қарағанда 0,86%-ға өсумен 23,4 шаршы метрді құрады *(2022 жылы - 23,2 шаршы метр).*

Қаланың көлік инфрақұрылымы 446,9 шақырым жолды құрайды, оның ішінде 320,87 шақырым асфальтбетон жабынымен, 126,03 шақырым топырақ жабынымен. 2024 жылы ұзындығы 40,3 шақырым жолдарды қайта жаңарту, күрделі және орташа жөндеу бойынша жұмыстар орындалды.

Күн сайын желіге 3 жылға дейін пайдалану мерзімімен 178 автобус немесе 68% шығады, қалған жылжымалы құрам 3 жылдан 15 жылға дейін

немесе 32%-ды құрайды. 2023 жылдан 2024 жылға дейін автобус паркі 201 жаңа автобус көлемінде толықтырылды.

Қалада жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің 1,6 мың шақырымынан 1,2 мың шақырымы жөндеуді қажет етеді.

Бұл ретте негізгі тозу жылумен жабдықтау желісіне келеді - 81,8%.

2022-2024 жылдары бюджет қаражаты есебінен 7,2 шақырым жылумен жабдықтау желілері салынды. 2024 жылы 11,7 шақырым желіге қайта жаңарту жүргізілді.

2022-2024 жылдар ішінде қалада 5,3 шақырым сумен жабдықтау желілерін және 25,3 шақырым су бұру желілерін қайта жаңарту бойынша 9 жоба іске асырылды. 2024 жылы 1 шақырым сумен жабдықтау желілері мен 4,2 шақырым су бұру желілеріне қайта жаңарту жүргізілді, бұл орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілген халықтың үлесін 98%-ға дейін, су бұрумен 89,5%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Ауыл тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуі 100%-ды құрайды. 2023 жылы Павлодар ауылында сумен жабдықтаудың құрылысы аяқталды және сол арқылы барлық 7 АЕМ орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділік бар.

Қалада 4 қоқыс тастайтын орын жұмыс істейді, оның ішінен 1 экологиялық және санитарлық талаптар мен нормаларға сәйкес келеді *(25 %)*.

7 кәсіпорын *(«Тандем ПВ» ЖШС, «KazEcoProm» ЖШС, «Завод Гофротара» ЖШС, «InterRubberRecycling» ЖШС, «Попов» ЖК, «ЭкоГолд» ЖШС, «Бейсембаев» ЖК)* қалдықтарды жинауды, қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды жүзеге асырады.

Жұмыс күшінің саны 196 мың адамды құрайды. 2022-2024 жылдар ішінде жұмыссыздар саны 9 668-ден 9 714 адамға дейін ұлғайды *(46 адамға)*.

2022-2024 жылдар ішінде қала бойынша 26,8 мың жұмыс орны құрылды, оның ішінде 23 мың тұрақты немесе 85,8%. Орташа алғанда бір жыл ішінде 8 мыңнан астам жұмыс орны, тұрақты - 7 мыңға жуық жұмыс орны құрылады.

2022-2024 жылдар ішінде өңірде дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі көрсеткіштерінің өсуі байқалуда. Спортпен жүйелі түрде шұғылданатындар саны 145,9 мың адамды құрады, оның ішінде ауылдық жерлерде 14,9 мың адам, бұл қала халқының жалпы санының 39,4%-на сәйкес келеді.

3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту –100%-ға, 1 жастан 6 жасқа дейін – 78,1%-ға қамтамасыз етілді.

Қалада 8 ірі еріктілер ұйымы, 200 еріктілердің бастамашыл тобы жұмыс істейді. «Жасыл Ел» еңбек жасақтарының облыстық штабы жыл сайын жазғы кезеңде 500-ден астам сарбазды жұмысқа орналастырады.

Халықтың 1000 адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 2024 жылы 65,7%-ды құрады.

Дене шынықтыру және спортпен көру, есту, тірек-қимыл аппараты зақымданған 789 мүгедек қамтылған. Бұл дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін куәлігі бар мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жалпы санының 6%-ы *(13 165 адам)*.

Қала аумағында тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың талдауы

2022 жылмен салыстырғанда 6,5%-ға өсуін көрсетеді *(2022 жыл – 2952; 2023 жыл – 2913; 2024 жыл - 3143).*

Бұл 10 мың тұрғынға шаққандағы қылмыс деңгейіне де қатысты *(2022 жыл – 80,4; 2023 жыл – 79,1; 2024 жыл – 84,8).*

Жалпы Павлодар қаласының әлеуеті өңір экономикасының орнықты дамуы және халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы алғышарттар жасайды.

Негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы

Павлодар қаласында бірқатар проблемалық мәселелер бар, олары шешуге осы Бағдарлама бағытталған.

Инженерлік инфрақұрылымның тозуы өңір үшін түйінді проблема болып табылады. Қаладағы жылумен жабдықтау желілерінің ағымдағы тозу көрсеткіштері *(81,8%)* орташа республикалық көрсеткіштен *(79%)* асады. Төмен қаржыландыру және желілерді пайдаланудың нормативтік мерзімін асыру біршама апаттылық қатерін тудырады.

Өнеркәсіп құрылымы шикізат салаларының, яғни аралық өнімдерді (жербалшық, болат) өндіретін кәсіпорындардың басым болуымен сипатталады. Қала аумағында 8 жүйе құраушы кәсіпорын («Қазақстан алюминийі» АҚ (жербалшық шығару, электр энергиясын өндіру), «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ (өңделмеген алюминий өндірісі), «KSP Steel» ЖШС (жіксіз құбырлар мен болат өндірісі), «Кастинг» ЖШС (болат шығару), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (мұнай өнімдерін өндіру), «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ (жылу энергиясын, электр энергиясын шығару) «Қазэнергокәбіл» АҚ (кәбіл-сым өнімдері), «Каустик» АҚ (каустикалық сода, хлор, тұз қышқылы) бар.

Құрылыс саласында жеке тұрғын үй құрылысын тұрақты дамыту үшін коммуникациялар жоқ, халықтың ауылдық жерден қалаға көші-қонына байланысты кезектілік ұлғайды.

Білім беру саласында жалпы білім беретін мектептерде оқушы орындарының және мектепке дейінгі жастағы 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды қамтуда тапшылық бар.

Экологиялық жағдай маңызды мәселе болып қалуда. Павлодар атмосфералық ауа ластануының жоғары деңгейі бар қалалардың қатарына кіреді, сондай-ақ Ертіс өзенінің бүкіл ұзындығы бойынша, негізінен өнеркәсіптік кәсіпорындардың шығарындылары есебінен ластануы. АЕМ-де қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату жүйесі жоқ.

Ауылдық аймақта орналасқан ҚТҚ көму бойынша объектілер көбінесе санитарлық ережелердің талаптарына және жерлеудің экологиялық стандарттарына сәйкес келмейтін қоқыс тастайтын жерлер болып табылады.

Экологиялық жағдайды ескере отырып, **онкологиямен** науқастану және өлім-жітім бойынша жоғары көрсеткіштер байқалуда.

Бәсекелі басымдықтар:

арзан электр энергиясының болуы;

дамыған өндірістік әлеуеттің болуы;

«Павлодар» АЭА болуы;

қала аумағы арқылы транзиттік әлеуетті дамыту үшін тиімді географиялық орналасу, ірі нарықтарға-өнім импорттаушыларға *(Ресей Федерациясы, Қытай)* жақындық.

Мүмкіндіктер:

өңірдің инвестициялық тартымдылығын, оның ішінде арнайы экономикалық аймақты дамыту есебінен арттыру;

электр энергиясын өткізу нарықтарын кеңейту;

Өнеркәсіпте шетелдік ұқсас кәсіпорындармен салыстырғанда өнім өндірудің жоғары энергия сыйымдылығы, технологиялық жабдықтың шекті физикалық тозуы және өндірістерді жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру үшін айналым қаражатының жеткіліксіздігі, металлургия өнеркәсібінде шикізатты қайта өңдеудің *(болатты қайта өңдеуді қоспағанда)* төмен тереңдігі.

4. Негізгі бағыттары, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері, нәтижелер көрсеткіштері және ресурстары

№	Индикатордың атауы	Жауапты орындаушы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2025 жыл	Жоспарлы кезең				
						2026	2027	2028	2029	2030
1-бағыт: Экономиканың берік іргетасы										
1	**3 НҰИ** Еңбек өнімділігінің жинақталған өсу индексі, 2022=100 (облыс бойынша)	Облыс әкімінің орынбасары – Ә.Ж. Қабылтаева, ЭБЖБ - м.а. Д.Е. Тюлюбаев, ЖАО (келісім бойынша)	Ресми статистикалық ақпарат	%	113,8	120,0	127,0	134,1	141,8	141,8
2-бағыт: Жаңа өсу нүктелері										
1	**26 НҰИ** Орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген ішкі туристер саны (облыс бойынша)	Облыс әкімінің орынбасары – А.Қ. Маликова, ДШСБ – м.а. Қ.М. Ахметжанов (келісім бойынша)	Ресми статистикалық ақпарат	млн. адам		0,26	0,27	0,28	0,3	0,3
	Павлодар	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – Қ.Қ. Беготаева, Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі – Б.С. Мұталапов	Ресми статистикалық ақпарат	адам		119980	125820	131110	137140	141294
2	**27 НҰИ** Орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келуші туристер саны (республика бойынша)	Облыс әкімінің орынбасары – А.Қ. Маликова, ДШСБ – м.а.	Ресми статистикалық ақпарат	млн. адам		0,026	0,028	0,033	0,037	0,037

		Қ.М. Ахметжанов (келісім бойынша)								
	Павлодар	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – Қ.Қ. Беготаева Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі – Б.С. Мұталапов	Ресми статистикалық ақпарат	адам		21900	23900	27820	30900	32848
	3-бағыт: Жоғары өмір сүру сапасы									
	11 НҰИ Кедейліктің ең төменгі шамасынан/шегінен төмен табыстары бар халықтың үлесі (облыс бойынша)	ЖҚҮӘББ - С.Қ. Қадырова (келісім бойынша)	Ресми статистикалық ақпарат	%	3,8	3,8	3,6	3,6	3,6	3,6
	Мақсаты. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және атаулы әлеуметтік қолдауды күшейту									
	Нысаналы индикатор: Жұмыссыздық деңгейі (республика бойынша)	ЕХӘҚМ (келісім бойынша), ЖАО	Ресми статистикалық ақпарат	%	4,7	4,7	4,6	4,6	4,6	
	1-міндет. 20,3 мыңнан астам азаматты жұмысқа орналастыру, оның ішінде жастар – 8,4 мың адам									
1	**1.1. нәтиже көрсеткіші** Жұмысқа орналастырылған азаматтардың саны	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – С.А. Гладышева, Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі – Г.Е. Белялева	«Еңбек нарығы» ААЖ	адам	9319	3236	3236	3236	3236	3236
	оның ішінде жастар	Павлодар қаласы әкімінің	«Еңбек нарығы»	адам	3719	2186	2855	2891	2891	2891

		орынбасары – С.А. Гладышева, Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі – Г.Е. Белялева	ААЖ							
2	**12 НҰИ** Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі, қала (республика бойынша)	ОМО (келісім бойынша)	ҰЭМ әкімшілік деректері	%		92,7	93,9	95,2	96,0	96,0
3	**13 НҰИ** Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі, ауыл (республика бойынша)	ОМО (келісім бойынша)	ҰЭМ әкімшілік деректері	%		67,6	68,7	69,8	71	71
	Мақсаты. Павлодар облысы елді мекендерінің түріне (қала, ауыл) және мөлшеріне (халық саны) байланысты халыққа объектілер мен қызметтер (игіліктер) қолжетімділігінің ең төменгі міндетті деңгейін қамтамасыз ету									
4	**НИ** Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі (облыс бойынша)	Облыс әкімінің орынбасары – Ә.Ж. Қабылтаева, ЭБЖБ - м.а. Д.Е. Тюлюбаев (келісім бойынша)	ҰЭМ әкімшілік деректері	%						
	қала					94,9	95,1	95,3	95,5	95,7
	ауыл					66,8	67	67,2	67,5	67,7
	НИ Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі (қала бойынша)	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – Қ.Қ. Беготаева, Павлодар қаласы әкімінің	ҰЭМ әкімшілік деректері	%						

		орынбасары – С.А. Гладышева								
	қала					95,2	95,4	95,4	95,5	95,6
	ауыл					80,1	80,2	80,4	80,4	80,5
	Міндеті: Ауыл және қала тұрғындары үшін жайлы орта құру									
	Спорт									
5	**4.1 нәтиже көрсеткіші** Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтар санын жалпы халықтың 50%-на дейін жеткізу	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – С.А. Гладышева, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі - Е.А. Асылбеков	ЖАО әкімшілік деректері	%		42,3	44,5	47,9	49,5	52,0
	Жол инфрақұрылымы									
6	**5.1 нәтиже көрсеткіші** Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін ұлғайту (облыс бойынша)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары – С.Б. Батырғұжинов, ЖКАЖБ – К.Ш. Қашкиров (келісім бойынша)	ЖАО әкімшілік деректері	шақырым	2297,0	2498,9	2558,9	2618,9	2678,9	
	Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету									
7	**6.1 нәтиже көрсеткіші** Халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – Қ.Қ. Беготаева, Павлодар қаласы құрылыс бөлімі - А.Қ. Омаров	ЖАО әкімшілік деректері							
	қала			%	100	100	100	100	100	100
	ауыл			%	100	100	100	100	100	100

		Батырғұжинов, ЖКАЖБ – К.Ш. Қашкиров (келісім бойынша)								
	Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету									
7	**6.1 нәтиже көрсеткіші** Халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету (облыс бойынша)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары – С.Б. Батырғұжинов, ЭТҮКШ – Е.Б. Иманзаипов (келісім бойынша)	ЖАО әкімшілік деректері							
	қала			%	100	100	100	100	100	100
	ауыл			%	100	100	100	100	100	100
	Павлодар	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – А.Д. Аманов, Павлодар қаласы құрылыс бөлімі - А.Қ. Омаров	ЖАО әкімшілік деректері							
	қала			%	100	100	100	100	100	100
	ауыл			%	100	100	100	100	100	100
8	**6.2 нәтиже көрсеткіші** Электр желілерінің тозуын төмендету, % (облыс бойынша)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары – С.Б. Батырғұжинов, ЭТҮКШБ Е.Б. Иманзаипов (келісім бойынша)	ЖАО әкімшілік деректері	%	58,7	58,3	57,9	57,7	57,5	57,5
9	**6.3 нәтиже көрсеткіші** Пайдалануға енгізілген тұрғын	Облыс әкімінің бірінші	Ресми статитикал	мың ш.м.	570	499,5	506,5	513,6	520,6	520,6

	үйлердің жалпы ауданы	орынбасары – С.Б. Батырғұжинов, ҚБ – А.Қ. Ажмұрат (келісім бойынша)	ық ақпарат							
	Павлодар	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары - А.Д. Аманов, Павлодар қаласы құрылыс бөлімі - А.Қ. Омаров , Павлодар қаласы сәулет және қала құрылысы бөлімі - м.а. Ж.С. Шалғұмбаев	Ресми статистика лық ақпарат	мың ш.м.	323,5	325,2	328,1	330,9	331,6	332,5
10	**6.4 нәтиже көрсеткіші** Жылумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамыту және тозуын азайту (облыс бойынша)	ЭТҮКШБ – Е.Б. Иманзаипов (келісім бойынша)	ЖАО әкімшілік деректері	%	77,6	74,3	72,2	70,2	70,2	70,2
11	**7.2 нәтиже көрсеткіші** ТЖ инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу (облыс бойынша)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары – С.Б. Батырғұжинов, ТЖД – Р.Н. Амрин (келісім бойынша)	ТЖМ әкімшілік деректері	%	48,2	46,7	57,4	69,3	76,4	87,6
	Мақсаты. Орман ресурстарын, жануарлар дүниесінің ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және молайту									
12	**14 НҰИ** ТМС реттейтін жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу деңгейі, %	ӨҚМ, ҰЭМ, ЖАО (келісім бойынша)	ӨҚМ әкімшілік деректері	%	48	46	44	42	40	40

	(республика бойынша)									
13	**15 НҰИ** Халықтың экологиялық өмір сүру сапасымен қанағаттану деңгейі (облыс бойынша)	Облыс әкімінің орынбасары – Ә.Ж. Қабылтаева, ЖҚПҚОСРБ – С.С. Төлеутаев	ЖАП (келісім бойынша	%	55,1	56,7	58,4	60,2	61,4	
	НИ Халықты қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызметтермен қамтамасыз ету (облыс бойынша)	Облыс әкімінің орынбасары – Ә.Ж. Қабылтаева, ЖҚПҚОСРБ – С.С. Төлеутаев	Ведомство лық деректер	%	81	82	83	85	88	89
	Павлодар	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары - А.Д. Аманов, Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі - Ә.Б. Оспанов	Ведомство лық деректер	%		93	93,2	93,4	93,6	93,8
	Мақсаты. Орман ресурстарын, жануарлар дүниесінің ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және молайту									
	4-бағыт: Экономика мен қоғамның өтпелі түрленуі									
1	**Нысаналы индикатор** Негізгі капиталға салынатын инвестициялар	Облыс әкімінің орынбасары – Ә.Ж. Қабылтаева, ИИДБ – Л.Р. Курманова (келісім бойынша)	Статистик алық деректер	млрд. теңге	1110,7	1413,3	1734,7	2289	3000	3485,1

	Павлодар	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – Қ.Қ. Беготаева Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі – Б.С. Мұталапов	Статистикалық деректер	млрд. теңге	420,0	516,7	634,2	836,8	1096,6	1273,9
	Инвестициялық жобалардың саны		ведомстволық деректері	саны		4	6	1	2	
2	**НИ** Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі (облыс бойынша)	Облыс әкімінің орынбасары – Ә.Ж. Қабылтаева, ЖҚПҚОСРБ – С.С. Төлеутаев (келісім бойынша)	ЭТРМ ведомстволық деректері	%	37	41	42	43	44	45
	Павлодар	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары – А.Д. Аманов, Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі – Ә.Б. Оспанов	Ведомстволық деректер	%		49,5	50,1	51,5	52,9	54,4
	5-бағыт: Жоспарлаудың өзге де құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік қызметтер ұсыну									
1	**НИ** Халықты ағынды суларды тазартумен қамту (облыс бойынша)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары – С.Б.	ЖАО әкімшілік деректері	%	90,5	91,0	91,5	92,0	100	